ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2009 ж. «23» 07 заңды
тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 5516-1910-АО қуәлік
Алғашқы тіркелген күні 2003 ж. «22» 08
Министерство юстиции Республики Казахстан
произведена государственная перерегистрация
юридического лица «23» 07 2009
свидетельство № 5516-1910-АО
Дата первичной регистрации «22» 08 2003
Бөлімін 030140000339

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 10150 БҰЙРЫҒЫ
«25» 08 2011
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 10150
«25» 08 2011

БЕКІТІЛДІ
Жалғыз Акционердің шешімімен,
2011 жылғы «15» тамыз

“HOMEBROKER ”
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы
2011 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. "HOMEBROKER" акционерлік қоғамы, одан әрі Қоғам деп аталады, заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы, Қоғам Акционерлерінің Жалпы Жиналысы (жалғыз Акционердің) және Қоғамның басқа органдарының белгіленген тәртіпте олардың құзыреті шегінде қабылданған шешімдері негізінде жүзеге асырады.

1.2. Қоғамның қазақ тілінде толық атауы:
"HOMEBROKER" акционерлік қоғамы;
Қоғамның қазақ тілінде қысқартылған атауы:
"HOMEBROKER" АҚ;
Қоғамның орыс тілінде толық атауы:
акционерное общество"HOMEBROKER";
Қоғамның орыс тілінде қысқартылған атауы:
АО "HOMEBROKER";
Ағылшын тілінде толық атауы:
Joint stock company "HOMEBROKER".
Ағылшын тілінде қысқартылған атауы:
JSC "HOMEBROKER".

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 50-үй.

1.4. «Казкоммерц Инвест» АҚ атын өзгерту "HOMEBROKER" АҚ болып өзгеруіне байланысты, шектеусіз барлық құқықтары мен міндеттері бойынша "HOMEBROKER" АҚ «Казкоммерц Инвест» АҚ құқық мұрагері болып табылады.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншігінде оқшауланған мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүліктерге жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқық, міндеттеме ала және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.3. Қоғамның дербес балансы, банктерде шоттары, соның ішінде валюталық шоттары, өз атауы көрсетілген мөрі бар.

2.4. Қоғамның өз тауар белгісі мен символикасы бола алады, олардың үлгілері белгіленген тәртіпте бекітіледі және тіркеледі.

2.5. Қоғам оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлға құқығын алады.

2.6. Қоғамның әрекет ету мерзімі шектелмеген.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНЫ

3.1. Қоғам құрудағы және қызметіндегі негізгі мақсат табыс табу болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің нысаны болып табылатындар:

1) атаулы ие ретінде клиенттер шотын жүргізу құқығы бар делдалдық және дилерлік қызмет;
2) инвестициялық қоржынды басқару қызметі;
3) Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша делдалдық және дилерлік қызметпен қоса атқарылатын, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің басқа түрлері;
4) кәсіпорынды қайта құрылымдау және қайта ұйымдастыру мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
5) инвесторларға активтерді басқару қызметін және инвестициялық-консультациялық қызметтер ұсыну;
6) жобаларды қаржыландыруды, соның ішінде қаржыландыру көздерін бағалау мен бірлестірілген жобалық қаржыландыруды ұйымдастыру;
7) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес банктік операциялар;
8) өндірістік, өндірістік емес және азаматтық (тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен құрылыстар) құрылыста құрылыстық және монтаждау жұмыстарын жүргізу;
9) құрылыстық өндіріс және басқа да әртүрлі құрылыстық, жөндеу-құрылыстық, монтаждық - құрылыстық, ретке келтіру бойынша қызметтер көрсету;
10) автомобиль жолдары, темір жолдарының, көпірлер мен туннельдердің құрылысы;
11) көркемдік-әрлеу, құрылыстық-өңдеу жұмыстары;
12) құрылыс материалдарын шығару және көтерме және бөлшек саудалау;
13) сәулет жобалау, интерьер дизайн және авторлық қадағалау жұмыстары;
14) құрылыс жұмыстарын жүргізу, ғимаратты, қосымша құрылыстарды, жерлерді, үйлерді, өнеркәсіп кәсіпорындарын сатып алу және сату;
15) девелоперлік қызмет;

16) ғимараттар мен құрылыстарды, сонымен қатар тұрғын үйлерді, қонақ үйлерді, қонақ үй кешендерін, сауда орталықтарын және қоғамдық тамақтану пункттерін, соның ішінде кафелерді, мейманханаларды пайдалануға беру;
17) әртүрлі ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен келісу арқылы және тапсыруы бойынша түрлі жұмыстар мен қызметтерді орындау;
18) сервистік, тұрмыстық, тасымалдау қызметтерін көрсету, жылжымайтын мүлікпен операциялар (сату, жалға алу);
19) жылжитын және жылжымайтын мүліктермен операциялар;
20) сыртқы экономикалық қызмет, сауда-коммерциялық және экспорттық-импорттық операциялар;
21) Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар шетелге инвестициялау және инвестиция алу;
22) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да түрлері.

3.3. Уәкілетті органдардан лицензия алуды талап ететін қызметті жүзеге асыру Қоғаммен осындай лицензия алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған барлық құқықтар мен міндеттерді алады.
4.2. Қоғам өз Акционерлері мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам оған тиесілі барлық мүлікке өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.
4.3. Қоғам өз атынан мәміле (шарт, келісімшарт) жасай, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар ала алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.
4.4. Қоғамның Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде барлық меншік формасының басқа заңды тұлғаларымен бірлестікке кіруге, құрылтайшы болуға, Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде, Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған негізде, басқа заңды тұлғалардың қатысушы болуға құқы бар.
4.5. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, шет елдерде шаруашылық қызметті жүргізуге, сонымен бірге Қазақстан Республикасы аумағында шет елдердің бірлескен кәсіпорындары, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар қызметіне және оларды құруға қатысуға құқы бар.
4.6. Қоғам бағалы қағаздар шығара және оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте тарата алады.
4.7. Қоғам Қазақстан Республикасы мен шет елдерде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, меншік мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын бере отырып, олардың қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықтай алады.
4.8. Филиалдар немесе өкілдіктер қызметіне басшылықты Қоғам тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. Филиал басшысы мен өкілдік басшысы Қоғамнан алынған сенімхат негізінде әрекет етеді.
4.9. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа құқықтарды да жүзеге асыра алады.

5. ҚОҒАМ МҮЛКІ

5.1. Қоғам мүлкі Қоғам қызметін, соның ішінде осындай қызмет нәтижесінде туындайтын Қоғам міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған.
5.2. Қоғам мүлкі мынадай көздерден құрылады:
1) акция төлеу;
2) қызмет барысында алынған табыстардан;
3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздерден.

6. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Акционерлердің құқы бар:
1) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
2) дивидендтер алуға;
3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналысымен (жалғыз Акционердің шешімімен) және/немесе осы Жарғымен айқындалған тәртіппен Серіктестіктің қаржылық есептілігімен танысуға;
4) бағалы қағаздарға олардың меншік құқығын растайтын Қоғам тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушысынан үзінді жазбалар алуға;
5) Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде дауласуға;
7) оның қызметі туралы Қоғамға жазбаша сұрату жасауға және Қоғамға сұрату келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде уәждемелі жауап алуға;
8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, оның акциясына айырбасталатын Қоғам акцияларын немесе бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алуға;
9) Қоғамды таратқанда, мүліктің бір бөлігіне;

6.2. Ірі Акционерлердің сондай-ақ төмендегілерге құқы бар:
1) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Қоғамның Директорлар Кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;
2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қоғамның Директорлар Кеңесіне Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
3) Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
4) өз есебіне Қоғамға аудиторлық ұйымның аудит өткізуін талап етуге.

6.3. Акционерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен карастырылған басқа да құқықтарды иелене алады.

6.4. Акционерлер:
1) акция төлеуге;
2) он күн ішінде Қоғам тіркеушісін және осы Акционерге тиесілі акциялардың нақтылы ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;
3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жариялamауға;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

7.1. Қоғам айырбасталатын акциялар, облигациялар және басқа, соның ішінде туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздар бойынша шығару, тіркеу, орналастыру және есеп айрысу тәртіптері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен анықталады.

7.2. Қоғам жай акциялар не болмаса жай және артықшылық акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамалық емес формада шығарылады.

7.3. Қоғам бағалы қағаздарды кепілдікке қоюды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7.4. Жай акцияларды иеленген Акционердің, егер кепілзат шартының талаптарымен басқаша карастырылмаса, кепілге қойылған акциялары бойынша дауыс беру құқығы бар.

7.5. Құжаттамалық емес бағалы қағаздарға құқықты растауды бағалы қағаздар иелері тізілімдері жүйесінен немесе атаулы ие шотынан үзінді-көшірме беру арқылы тіркеуші немесе атаулы ие жүзеге асырады.

7.6. Жай акция Акционерге Акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беруге ұсынылған барлық мәселелерді шешуде дауыс құқымен қатысуға, Қоғамда таза табыс болғанда, дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны таратқанда, Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

7.7. Акционерлер – артықшылықты акция иелері Акционерлер – жай акция иелері алдында алдын ала белгіленген кепілдендірілген мөлшерде дивиденд және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамды таратқанда, мүлкінің бір бөлігін алуға құқы бар. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша кепілдендірілген дивиденд мөлшері, сондай-ақ Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу дүркінділігі Қоғамның артықшылықты акциялар шығару проспектісінде анықталады.

Қоғамның артықшылықты акциялар саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

7.8. Артықшылықты акция акционерге, төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Артықшылықты акция Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:
1) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленген Акционер құқығын шектеуі мүмкін мәселелерді қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегеріп тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп септеледі;
2) Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не болмаса тарату туралы мәселені қарайды;
3) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап, үш ай бойы төленбегенде.

8. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАБЫ ЖӘНЕ АУДИТ

8.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп-қисап беру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисап туралы заңнамасымен белгіленеді.

8.2. Қоғамның атқарушы органы жыл сайын Акционерлердің Жалпы жиналысына (жалғыз Акционерге) талқылау және бекіту үшін аяқталған жылдың жылдық қаржылық есеп-қисабын береді.

8.3. Қоғамның Директорлар кеңесі заңнамада белгіленген мерзімде жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекітеді. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің түпкілікті бекітілуі Қоғам Акционерлерінің (жалғыз Акционерінің) жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

8.4. Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және табыстар мен шығындар туралы есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімде жыл сайын жариялауға міндетті.

8.5. Қоғам жылдық қаржылық есеп-қисап аудитін өткізуге міндетті.

9. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

9.1. Қоғам Органы болып табылатындар:
жоғарғы органы – Акционерлердің Жалпы жиналысы (егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір Акционерге тиесілі болған жағдайда, - жалғыз Акционер);
басқару органы – Директорлар Кеңесі;
атқарушы орган – Президент (жеке дара) немесе Басқарма (алқалық).

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ (Жалғыз Акционер)

10.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады (егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір Акционерге тиесілі болған жағдайда, - жалғыз Акционер).

10.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің (жалғыз Акционердің) Жалпы жиналысынң айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген түзетулер мен толықтыруларды бекіту;
3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5) Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталу шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
6) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
7) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін анықтау;
8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
9) жылдық қаржылық есеп-қисапты бекіту;
10) Қоғамның есепті қаржы жылы үшін таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу (төлемеу) туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
11) жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және тоқсан немесе жарты жылдың қорытындылары бойынша қоғамның бір акциясына дивиденд мөлшерін айқындау;
12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлар басталғанда, Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша двиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомада активтер бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы өзге заңды тұлғалар қызметіне немесе оны құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
14) Қоғам Акционерлерінің Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жасау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау формасын анықтау;
15) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
16) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

17) Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, сонымен бірге егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысымен анықталмаса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
18) «алтын» акция енгізу және оның күшін жою;
19) Қоғам акцияларын өз еркінше делистинг жасау туралы шешім қабылдау;
20) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.4. Барлық мәселелер бойынша, сонымен бірге осы Жарғының 10.3 тармағында көрсетілген, Акционерлердің жалпы Жиналысының шешімі Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларымен бір ауыздан қабылданады, дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай басым даусымен қабылданатын, Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе бойынша шешімді қоспағанда.
Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру жиынтықты дауыс берумен жүзеге асырылады.

10.5. Акционерлердің Жалпы жиналысы (жалғыз Акционер) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.6. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір Акционерге тиесілі болған жағдайда, Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді мұндай Акционер (жалғыз Акционер) жеке дара қабылдайды. Жалғыз Акционердің осындай шешімдері жазбаша түрде ресімделуге жатады.

10.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру әрі дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.
Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Акционерлердің Жалпы жиналысын алдағы өткізу туралы хабардар етілуі тиіс.
Акционерлерге жиналысты өткізу туралы хабарламастан өткізілген не Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгеннен аз мерзімде алған жиналысты өткізу туралы хабарламалардың негізінді өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысы заңды болып есептеледі және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері міндетті әрі жиналысқа Қоғамның барлық Акционерлері қатысу шартымен заң күшіне ие болады.

10.8. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте, оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның орналастырылған дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қарауға және шешімдер қабылдауға құқылы.

10.9. Миноритарлық Акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді қабылдаған кезде басқа Акционерлермен бірігу мақсатында Қоғамның тіркеушісіне хабарласуға құқылы.

10.10. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте, оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның орналастырылған дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген Акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе, болмай қалғанның орнына өткізілген Акционерлердің екінші жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.11. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін, Қоғамның өзге құжаттарына не болмаса тікелей Акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес анықталады.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

11.2. Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселлер жатады:
1) Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын анықтау;
2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
3) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін жасау;
4) орналастыру (тарату) туралы, сонымен бірге жарияланған акциялар мөлшері шегінде орналастырылған (таратылған) акциялар, оларды орналастыру (тарату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды олардың өтеуін төлеп сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
6) Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабын алдын ала бекіту;
7) Қоғам облигациялары мен туынды бағалы қағаздар шығару шарттарын анықтау;
8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9) атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеу шарттарын анықтау;

10) ішкі аудит қызметінің санын және құзырет мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың құзыретін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбек ақылары мен сыйақы мөлшерін және шарттарын анықтау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы орган Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондарды және жазылуды жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғам филалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережені бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иемденуі туралы шешім қабылдау;

16) он және одан көп пайыз мөлшеріндегі акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі болып табылатын заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының қарамағына кіретін шаруашылық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) оның меншік капиталының он және одан артық пайызын құрайтын шамаға Қоғам міндеттемелерін ұлғайту;

18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

19) Қоғам және оның қызметі туралы ақпараттарды немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қызметін анықтау;

20) ірі мәмілелер және Қоғам жасалуына мүдделік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның меншік капиталының он және одан артық пайызын құрайтын сомада үшінші тұлғаларға қарыз беру туралы шешім қабылдау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Қоғам Жарғысы арқылы Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

11.3. Қоғам Директорлары Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органына шешу үшін табыстала алмайды. Қоғамның Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысының шемідеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқы жоқ.

11.4. Қоғам Директорлары Кеңесінің мүшелері 3 (үш) және 5 (бес) адамнан артық емес мөлшерде Акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады және осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен карастырылған тәртіпте Қоғам Директорлары Кеңесінің бұрын сайланған мүшелері өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқанда, Акционерлердің Жалпы жиналысымен қайта сайланады. Қоғам Директорлары Кеңесінің отыз пайызынан кем емес құрамы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс.

11.5. Қоғам Директорлары Кеңесі құрамына сайланған тұлғалар бірнеше рет қайта сайлана алады (шектелмеген).

11.6. Қоғам Директорлары Кеңесінің төрағасы Қоғам Директорлары Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан басым дауыспен оның мүшелері қатарынан ашық дауыс берумен сайланады. Қоғам Директорлары Кеңесі кез келген уақытта Қоғам Директорлары Кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

11.7. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарлама мәжілістің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қосымша ұсына отырып, мәжіліс өткізілетін күннен үш күн бұрын Директорлар Кеңесі мүшелеріне жолдануы тиіс.

Қоғам Директорлары Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжіліс өткізу күні, уақыты, өткізілетін жері,сондай-ақ оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуы тиіс.

11.8. Мәжіліске Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің қатысуы Қоғам Директорлары Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум болып табылады.

11.9. Қоғам Директорлары Кеңесінің әр мүшесінің бір даусы бар. Қоғам Директорлары Кеңесінің шешімі бір ауыздан қабылданады.

11.10. Директорлар Кеңесінің шешімдері іштей мәжіліс өткізбей-ақ, сырттай дауыс беру арқылы не болмаса Директорлар Кеңесі (аралас дауыс беру) мәжілісіне қатысқан, Қоғам Директорлары Кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

Қоғам Директорлары Кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін және аралас дауыс беретін Қоғам Директорлары Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін, Қоғам Директорлары Кеңесінің мүшелеріне дауыс беруге арналған бірыңғай формадағы бюллетень таратылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болу керек:

- Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналаскан жері;

- сырттай дауыс беру арқылы өтетін Қоғам Директорлары Кеңесінің мәжілісін шақыруға ынтагер туралы мәлімет;
- сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің түпкілікті күні;
- Қоғам Директорлары Кеңесінің іштей мәжілісін өткізбей-ақ, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
- Қоғам Директорлары Кеңесінің сырттай дауыс беретін мәжілісінің күн тәртібі;
- егер сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Қоғам Директорлары Кеңесі мәжілісінің күн тәртібінде Қоғамның атқару органының мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аттары;
- дауыс беру өткізілетін мәселелер формулировкасы;
- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Қоғам Директорлары Кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары «жақтаушы», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен білдіріледі;
- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Қоғам Директорлары Кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібін түсіндіру.

11.11. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, Қоғам Директорлары Кеңесінің мүшелері қол қоюлары тиіс. Қоғам Директорлары Кеңесі мүшелерінің қолынсыз бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Дауыстарды есептегенде, Қоғам Директорлары Кеңесінің мүшелері бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін бір нұсқасы белгіленген сол мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

11.12. Қоғам Директорлары Кеңесі мәжілісінің сырттай шешімі хаттамамен ресімделеді, оған мәжіліске төрағалық етуші тұлға және Қоғам Директорлары Кеңесінің хатшысы қол қояды.

11.13. Іштей өткізілген мәжілісте немесе аралас дауыс берумен қабылданған Қоғам Директорлары Кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған мәжіліс өткен күннен бастап үш күн ішінде мәжіліске төрағалық етуші тұлға және Қоғам Директорлары Кеңесінің мәжілісінің хатшысы құрастырып, қол қоюы тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәліметтерден тұру керек. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (аралас дауыс беру) хаттамамен бірге хаттамалар кітабына тігіледі.

11.14. Қоғамның барынша маңызды мәселелерін қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

12. АТҚАРУ ОРГАНЫ

12.1. Қоғамның атқару органы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Қоғамда жеке дара атқару органы құрылады – Президент. Қоғамның Директорлар Кеңесі атқару органын жеке Дарадан алқалыққа – Басқармаға және керісінше өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.

12.2. Қоғамның атқару органының құзыретіне Акционерлердің Жалпы жиналысының (жалғыз Акционердің) және осы Жарғымен анықталған, Қоғам Директорлары Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

12.3. Атқару органын Директорлар Кеңесі сайлайды. Алқалық атқару органында (Басқарма) Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмайды, алдында сайланған Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оларды Директорлар кеңесі қайта сайлайды.

12.4. Қоғам Басқармасының мәжілісі (алқалық атқару органында) қажеттілігіне қарай өткізіледі. Қоғам Басқармасының мәжілістерін өткізуді Қоғамның Директорлар Кеңесі сайлайтын, Қоғам Басқармасының Төрағасы ұйымдастырады.

12.5. Қоғам Басқармасы мүшелері санының жартысынан кем емесі қатысуы Қоғам Басқармасының мәжілісін өткізу үшін кворум болып табылады.

12.6. Қоғам Басқармасы мәжілісінде мәселелерді шешуде, Қоғам Басқармасының әр мүшесінің бір даусы бар. Қоғам Басқармасы мәжілістеріндегі шешімдер Қоғам Басқармасының қатысушы мүшелерінің жай басым даусымен қабылданады.

12.7. Атқару органының басшысы (Басқарма Төрағасы / Президент) атқару органы басшысының лауазымында отырмау керек немесе атқару органының қызметін жеке дара атқаратын тұлғасы, басқа заңды тұлға болмауы керек. Атқару органының басшысы Директорлар Кеңесінің қандайда бір комитетінің төрағасы бола алмайды.

12.8. Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің он пайызынан кем еместі құрайтын сомада үшінші тұлғаларға қарыз беру туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселе Қоғамның атқару органының айрықша құзыретіне жатады.

12.9. Қоғамның атқару органының басшысы (Басқарма Төрағасы / Президент):

1) Акционерлердің Жалпы жиналысы (жалғыз Акционердің) мен Қоғам Директорлары Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
3) оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамды таныстыру құқығына сенімхат береді;
4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға мараптаттау шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға қосымша дербес

үстемеақы мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерін анықтайды, аткарушы орган мен Қоғамның ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда;

5) ұйымдық құрылым мен штаттық кестені бекітеді;
6) шаттатағы және штаттан тыс қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу формасын анықтайды;
7) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттемелерін атқарушы органның бір мүшесіне жүктейді;
8) атқарушы орган мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілік аясын бөліп береді;
9) осы Жарғымен, Акционерлердің Жалпы жиналысының (жалғыз Акционердің) және Қоғам Директорлары Кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

13.1. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның каржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметі (ол құрылғанда) Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қоғамның бақылау органы болып табылады.

13.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның каржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайды.

13.3. Ішкі аудит қызметінің міндеттеріне мыналар жатады:

1) Қоғамның бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялар шеңберіндегі қызметті жүзеге асыру барысында заңнама нормаларының орындалуына бақылау жасау;
2) Қоғам шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында заңнама нормаларының орындалуына бақылау жасау;
3) Қоғамның ішкіқұжаттарының, мұндай құжаттар белгілеген ережелер мен рәсімдердің орындалуына бақылау жасау;
4) Қоғам бөлімшелерінің Ішкі аудит қызметі мен сыртқы аудиторлар жасаған тексерулер бойынша есептер мен ұсынымдарды орындауына бақылау жасау;
5) Қоғамға қатысты уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған ықпал ету мен жауап беру шараларының (соның ішінде шектеулі ықпал ету шараларының) орындалуы мен сақталуына бақылау жасау;

13.4. Жарғының 13.3-тармағында көрсетілген міндеттермен негізделген Ішкі аудит қызметінің функцияларына мыналар жатады:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне жоспарлы әрі жоспардан тыс тексерулер жүргізу;
2) уәкілетті органдар, өзге мемлекеттік органдар анықтаған, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі мен сыртқы аудиторлар анықтаған бұзуларды, кемшіліктерді жою жөніндегі ұйғарымдардың орындалуына жүргізіліп жатқан және жоспарланған іс-шаралардың мониторингі;
3) Акционерлердің (жалғыз Акционердің), Директорлар кеңесінің, атқару органының және оның басшысының шешімдерін орындауына мониторингі;
4) тексеру нәтижелері бойынша Қоғам қызметіне талдау жасау;
5) жаңа каржылық қызмет түрлерін ендіру кезінде Қоғам қызметін реттейтін заңнаманы сақтаумен байланысты Қоғамның қосымша елеулі тәуекелдерінің пайда болу мүмкіндігін бағалау.

13.5. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқару органының құрамына кіре алмайды. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ішкі аудит мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің комитетіне (мұндай комитет құрылған жағдайда) кіре алмайды.

13.6. Ішкі аудит қызметінің отырыстары қажетіне қарай өткізіледі және Ішкі аудит қызметі Жетекшісінің және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының бастамасы бойынша шақырылады.

13.7. Ішкі аудит қызметінің отырыстарын өткізудің міндетті шарты мұндай отырыстарға Ішкі аудит қызметінің барлық қызметкерлерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының, егер мұндай отырыс соңғысының талабы бойынша өткізілсе, қатысуы болып табылады. Ішкі аудит қызметінің отырыстарында Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, атқару органының мүшелері және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қатысуға құқылы.

13.8. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің отырыстарында мәселелерді шешу кезінде Қоғамның Ішкі аудит қызметінің әр қызметкері бір дауысқа ие болады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің отырыстарындағы шешімдер Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қатысып отырған қызметкерлерінің арасынан жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру қорытындылары бойынша дауыстар саны тең болғанда Ішкі аудит қызметі Жетекшісінің дауысы шешуші болып табылады.

14. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

14.1. Қоғам Қоғам Акционерлерінің мүддесіне қатысты, Қоғам қызметі туралы ақпараттарды Акционерлерге жеткізуге міндетті.

14.2. Қоғам Акционерлері мүдделеріне қатысты ақпарат деп мыналаар танылады:

1) Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпараттар;

2) Қоғамның акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығару, Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы уәкілетті органдардың есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу нәтижелері туралы есептерді бекіту, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
3) Қоғамның ірі мәмілелерге және оларды жасауға Қоғам мүдделі болған мәмілелерге отыруы;
4) Қоғамның меншік капиталының жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрынырақ алған лицензиясының әрекет етуін тоқтату;
6) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
7) Қоғам мүлкін қамау;
8) нәтижесінде Қоғам мүлкі жойылған, баланстық құны Қоғам активтері жалпы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын, төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
10) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;
11) корпоративтік келіспеушілік бойынша сотта іс қозғау;
12) Осы Жарғыға сәйкес, Акционерлер мүддесіне қатысты басқа да ақпараттар.

14.3. Акционерлерге Акционерлер мүддесіне қатысты, Қоғам қызметі туралы ақпарат беруді Қоғам Акционерлердің жалпы сұратулары негізінде жүзеге асырады.

14.4. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және табыстар мен шығындар туралы есепті жария етеді.

14.5. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жария ету үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдары – «Егемен Қазақстан» газеті және/немесе «Казахстанская правда» газеті және/немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайты www.homebroker.kz (заңнамаға сәйкес рұқсат етілген жағдайларда). Қосымша атқару органы басшысының шешімі бойынша Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты өз қарауына қарай өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

15. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНА ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ БЕРУ ТӘРТІБІ

15.1. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын заңды және жеке тұлғалар, өздерінің қосылма тұлғалары туралы мәліметті үлестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға (Қоғамның атқару органының басшысына) беруге міндетті.

16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

16.1. Қоғамды тарату Акционерлердің Жалпы жиналысының (жалғыз Акционердің) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен карастырылған жағдайларда, сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қоғамды қайта ұйымдастыру қосылу, бірігу, ажырау, бөліну және қайта құрылу аркылы жүзеге асырылады.

16.2. Жаңадан пайда болған заңды тұлғаны тіркеген сәттен бастап Қоғам қайта ұйымдастырылды деп есептеледі, бірігу формасындағы қайта ұйымдастыруды қоспағанда.

16.3. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

17.1. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелерге қатысты болмайды. Жарамсыз ережелер соған сәйкес қатынасты реттейтін, заңдық рұқсат етілгенімен ауыстырылады.

17.2. Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар, Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін, Қоғам Акционерлері Жалпы жиналысының (жалғыз Акционердің) шешімі бойынша енгізіле алады.

17.3. Осы Жарғымен реттелмейтін мәселелер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

18. КҮШІНЕ ЕНУ

18.1. Осы Жарғы оны уәкілетті органда мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ HOMEBROKER АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО город Алматы Республика Казахстан

"HOMEBROKER" АҚ
Президенті **Даутов А.Л.**

У Т В Е Р Ж Д Е Н
Решением
Единственного Акционера
от «15» августа 2011 года

У С Т А В
Акционерного общества
«HOMEBROKER»

Республика Казахстан
2011 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Акционерное общество "HOMEBROKER", именуемое в дальнейшем Общество, является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основе действующего законодательства Республики Казахстан и настоящего Устава, решений Общего собрания Акционеров (единственного Акционера) Общества и других органов Общества, принятых в пределах их компетенции в установленном порядке.

1.2. Полное наименование Общества на казахском языке:
"HOMEBROKER" акционерлік қоғамы;
Сокращенное наименование Общества на казахском языке:
"HOMEBROKER" АҚ;
Полное наименование Общества на русском языке:
акционерное общество "HOMEBROKER";
Сокращенное наименование Общества на русском языке:
АО "HOMEBROKER";
Полное наименование на английском языке:
Joint stock company "HOMEBROKER".
Сокращенное наименование на английском языке:
JSC "HOMEBROKER".

1.3. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, Медеуский район, пр. Достык, д. 50.

1.4. В связи с переименованием АО «Казкоммерц Инвест» в АО "HOMEBROKER", АО "HOMEBROKER" является правопреемником АО «Казкоммерц Инвест» по всем без исключения правам и обязательствам.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Общество является юридическим лицом, коммерческой организацией, имеет в собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

2.3. Общество имеет самостоятельный баланс, счета в банках, в том числе валютные, имеет печать с указанием своего наименования.

2.4. Общество может иметь свой товарный знак и символику, образцы, которых утверждаются и регистрируются в установленном порядке.

2.5. Общество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.6. Срок деятельности Общества неограничен.

3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

3.1. Основной целью создания и деятельности Общества является получение дохода.

3.2. Предметом деятельности Общества является:

1) брокерская и дилерская деятельность с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя;
2) деятельность по управлению инвестиционным портфелем;
3) другие виды профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг, совместимые по законодательству Республики Казахстан с брокерской и дилерской деятельностью;
4) предоставление консультационных услуг по вопросам реструктуризации и реорганизации предприятий;
5) предоставление услуг по управлению активами и инвестиционно-консультационных услуг инвесторам;
